

Кулманов С. К., Ашимбаева Н. М., Кордабай Б. (Алматы, Казахстан)

ПРОБЛЕМА УНИФИКАЦИИ И СТАНДАРТИЗАЦИИ ТЕРМИНОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Статья подготовлена в рамках исследовательского проекта по программно-целевому финансированию «Разработка серии обновленных нормативных словарей и академических изданий, обеспечивающих перевод государственного языка на латинографический национальный алфавит»

В целях развития казахского научного языка и научной терминологии на сегодняшний день одной из актуальных задач является создание лингвистической основы для совершенствования, систематизации, унификации национальной модели терминов.

Авторы статьи считают, что терминологическая работа не ограничивается только словарной работой, указанием значений определенных групп слов. Она должна включать комплекс работ по систематизации, упорядочению, унификации, стандартизации терминов с определением этапов и задач и выработки самих требований к унификации и стандартизации.

При решении вышеуказанных задач, прежде всего, необходимо разграничить лингвистические критерии, предъявляемые к стандартизируемым терминам:

1. Отношение стандартизируемой терминологии к частям речи.
2. Употребление диалектных, профессиональных и жаргонных слов в качестве терминов в стандартах.
3. Лексико-семантические признаки терминов (полисемия-моносемия-синонимия).
4. Соответствие терминологии к словообразовательным моделям в языке.
5. Особенности употребления грамматических категорий в терминологии.
6. Терминологические структуры в стандартах и требования к их сокращению.
7. Орфография терминов.

Рассматривая вопросы стандартизации терминологии казахского языка, авторы делают следующие выводы:

1. В стандартизации терминологии актуальным является вопрос их принадлежности к частям речи, где следует учитывать различные области применения терминов.

В стандартах справочного характера отраслевые термины в основном состоят из существительных и словосочетаний. Однако в некоторых областях науки (музыка, спорт) также встречаются случаи терминизаций наречий или глаголов. Поэтому при стандартизации к ним должны предъявляться такие же лингвистические требования, как и к терминам-существительным. Например, *оборудование гидромеханизации; объекты землеустройства; высоковольтные воздушные узлы; экологические потери; окружающая среда; утвержденный проект* и т.д. Прилагательные в

терминах-словосочетаниях, глагольные и местоименные формы являются не только вспомогательными компонентами термина, но и главными составляющими, определяющими основные признаки понятия. Поэтому, стандартизируя терминологические наименования, мы стандартизируем все его составные части, так как они также относятся к специальным словам. В научных текстах части речи употребляются не только в осуществленных формах, но и во всех глагольных видоизменениях, например: *бұрғылайды, тұмшаланып төселінеді, жеміріле бастайды* и т.д.

2. В стандартах также встречаются заимствованные, диалектные, профессиональные и жаргонные слова, используемые в качестве термина. Если слова, заимствованные из греко-латинских языков, свободно употребляются в нашем языке, то слова, заимствованные из русского языка, критически воспринимаются и переводятся на родной язык. В отличие от международных терминов диалектные и жаргонные слова особо выделяются: *құйғы - шұғынақ, жетек - тартпа; анкер қақпасы, құйрығын бөлу, ыстық өткел, салқын құбыр, шапалақтау, өлі тірек* и т.д. Решающую роль в решении конкретных вопросов по указанным терминам играет мнение отраслевых специалистов.

3. Лексико-семантические признаки терминов – очень важные требования к стандартизируемым терминам. Одним из наиболее распространенных в стандартах трудностей является использование синонимов, а именно, поиск альтернатив синонимическим словам, встречающимся в русском варианте. Например: *жамылғы – төсем; құбыр төсеу – құбыр салу – құбыр орнату – құбыр жайғастыру; зат – бұйым – материал; құрал-жабдық – сайман* и т.д. Один из способов возникновения синонимических рядов – параллельное употребление международных терминов и терминов самого казахского языка, например: *дисперстік – майдаланған; унибатор – тежегіш* и т.д. В проектах стандартов категорически запрещается использование синонимов [Канделаки, 1969. С. 20]. Однако не использовать их вообще невозможно, причин параллельного употребления синонимов в терминологии достаточно. Поэтому при стандартизации терминов эти требования должны учитывать жанры и цели специальной литературы.

4. Употребление по словообразующим моделям стандартизируемых терминов в казахском языке – одно из основных требований к стандартам. Проект стандартов разрабатывается отраслевыми специалистами, поэтому унификация терминов сопряжена с большими трудностями. Речь идет о различных словообразовательных вариантах, встречающихся в рамках только одного стандарта. Например: *кернеуді есептеу - кернеулік есептеу - кернеу есептеуі; жолдық битум - жол битумы; механикандырылған жұмыс - механикаландыру жұмысы* и др. Употребление слова в нескольких вариантах – это естественное явление, но поскольку речь идет о стандартизации терминов, то выгодно выбирать только один из различных вариантов словообразования. На наш взгляд, основными требованиями к терминообразованию являются: 1) упорядочение словообразовательных моделей; 2) моделирование словообразовательных суффиксов для придания определенного значения, соответствующего специальному понятию; 3) формирование гнездовых терминов. Например: составной суффикс *-ландыру//лендіру* часто присоединяется к

международным терминам: *механика-ландыру, автомат-тандыру, компьютерлендіру* и т.д. Это сложный вопрос. При этом требуется в определенной степени планомерно-организованная комплексная работа лингвистов.

5. Терминология не имеет собственной грамматической системы, отличной от литературного языка. Однако в проектах стандартов обращается внимание на использование только одних вариантов слов, например: *керек, қажет, тиіс*. Допускается несоблюдение порядка членов предложений. Например: *Қабылдау кезінде газ қоймасының барлық пайдалану ұңғымалары бойынша төменде келтірілген жағдайларда газды шығару және іріктеудің жобаланған көлемін қамтамасыз ететін тиімді тәртіптеме белгіленуі керек:*

- құмды суландыру және шығарудың алдын алған;
- забойда, оқпанда, саға мен етекте гидрат және құм кептеліп қалуына жол бермеген;
- забой сүзгішінің жұмысқа жарамдығын және берілген саға қысымын сақтап отырған.

6. Сокращения до сих пор не согласованы в проектах стандартов. Аббревиатуры ИСО, ГОСТ, ОСТ, СНИП, ВСН, ТУ используются в исходных формах. Одна из причин – принятие Комитетом по стандартизации, метрологии и сертификации решения не менять сокращенного варианта этих терминов. Однако, мы считаем, что сокращенные версии также должны соответствовать полным версиям терминов на государственном языке и утверждены в виде СХҰ (*Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым*), МССТ (*Мемлекеттік салалық стандарт*), ҚНЕ (*Құрылыс нормалары мен ережелері*) и т.д.

7. Орфография терминов также является важной проблемой стандартизации терминов. При написании полиструктурных терминов отраслевые специалисты не придают им большого значения. При переводе с русского языка отсутствует последовательность в написании слов с интерфиксом «о» в казахском языке: *асфальтобетон, физико-механикалық, электрохимиялық* (а правильное было бы написать *асфальт-бетон; физика-механикалық; электрлі-химиялық*).

Полный вариант статьи на казахском языке публикуется ниже.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕРДІ БІРІЗДЕНДІРУ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАУ МӘСЕЛЕСІ

Мақала «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша зерттеу жобасының аясында дайындалды

Терминологиялық лексика қоғамның рухани, мәдени, саяси өмірінде туындап жатқан өзгерістерге байланысты дамып, байып отыратындығымен ерекшеленетіндігі белгілі жайт. А.Байтұрсынұлының терминжасамға қатысты құнды еңбектерінен бастау алатын қазақ терминологиясының ғылыми-практикалық мәселелері әлі күнге дейін қарқынды зерттеліп келе жатыр. Терминдердің қызметі мен оларға тән

ерекшеліктерді айқындау, жалпы терминологияның даму бағытын бағдарлау, салалық терминдер жүйесін қалыптастыру, терминжасам әдіс-тәсілдерін саралау, терминденген атаулардың жасалу жолдарын айқындап, талдап беру – осы мәселелердің шешімін табудағы басты міндеттер болып табылады.

Зерттеуші А.В.Крыжановскаяның пікірінше, «ғылыми біріздендіру терминологияны әдеби жүйеге келтіруді қарастырады, терминдердің стильдік табиғатын терминді жалпы сөзден ерекшелейтін маңызды белгілері бар арнайы шындықтардың белгілері ретінде ескереді». Сонымен қатар, «терминнің өзіндік ерекшеліктері бірінші кезекте сөздің жалпы тілдік ерекшеліктеріне байланысты емес, термин сөзінің ғылыми функционалды стильдің белгілі бір нормаларына сәйкес келуіне байланысты» [Крыжановская, 1985. С. 128].

Соңғы жылдардағы қазақ терминологиясы жүйесінің қалыптасуын әлі де болса заман талабына сай деп айта қою қиын. Себебі терминдер жасау қазақ тіл білімінде кенжелеп, қалыптасуында бірізділік сақталмай, әркім өз бетінше термин жасауға ұмтылуы кеңінен қанат жайғандығы белгілі. Бұл құбылысты академик Ә.Қайдар: «Бұған ең басты себеп – заман үрдісі, тіл саясаты, идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі. Екінші себеп – еліміздің ұлт, ұлыс тілдері өздерінің дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып, орыс тілімен тең тұра алмайды деген пікірдің қалыптасуы» – деп атап көрсетеді [Қайдар, 1993. Б. 10].

Бүгінгі таңда қазақ ғылыми тілін және ғылыми терминологиясын дамыту мақсатында терминдердің ұлттық үлгісін жетілдірудің, жүйелеудің, біріздендірудің тілтанымдық негіздерін жасау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл аталмыш мәселе сирек қолданылатын, пассив, көнерген атауларға терминжасамның бір көзі ретінде терминдік мағына жүктеу арқылы термин шығармашылығында кәдеге асыру үдерісін жетілдіру; өнімділік таныта қоймаған жұрнақтарды ұғым мазмұнын дәл беру тұрғысында ұтымды пайдалану жолдарын көрсету; халықаралық терминдердегі, тіркесті терминдердегі қосымшаларды жүйелеуге қатысты тілдік заңдылықтарды іске асыру; аударма терминдердің синтаксистік (аналитикалық) тәсілдерін, күрделі терминдердің бөлек //бірге жазылу мәселесін ғылыми негіздеу; жуандық (ъ) және жіңішкелік (ь) белгілері арқылы таңбаланатын терминдерді қазақ тіліне икемдеу жолдарын нақтылау; терминологиялық бірліктердің ұлттық сипатын күшейту мақсатында салалық мамандарға арналған термин түзу, термин жасау барысында басшылыққа алуға болатын әдістемелік немесе көмекші құрал дайындау және т.б. негізінде өз шешімін таппақ.

Әлемдік тіл білімінде терминжасамның орнығып, тұрақтанған теориялық ұстанымдары мен практикалық әдіс-тәсілдері бар. Ал осы мәселенің қазақ тілі материалдары бойынша ұлттық үлгіде жетілдіріліп, жүйеленуінің тілтанымдық негіздерін жасау тұрғысында зерттеу жұмыстарын жалғастыра түсу кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Сонымен қатар жаңа тілдік оралымдар мен жаңа сөздердің, терминдердің елеулі бір бөлігі жалпы көпшілікке тарайтын көздердің бірі – БАҚ болып саналады. Яғни қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында қазіргі кезде әртүрлі қолданылып жүрген терминдерді, жаңа атауларды біріздендіру және ретке келтіру

де түйткілді мәселе қатарында. Күнделікті мерзімді баспасөз беттеріне және теле-радиохабарларға назар аударатын болсақ, қандай да бір атауды қанша ақпарат көзі болса, сонша түрлі өзгертіп, түрлентіп қолданады (бұл жерде *семья – отбасы, жанұя; класс – сынып, класс; рынок – нарық, рынок* және т.б. көрсету де жеткілікті).

Қазақ тіл білімінде жалпы терминология, оның ішінде ұлттық терминология мәселелерін, терминдерді жүйелеу, реттеу, біріздендіру және т.б. жайттарын зерттеуші, ғалым, профессор Ш. Құрманбайұлының сөзімен айтар болсақ, терминология дамуының қағидаттарын белгілеу мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес белгіленгені сияқты терминологияны біріздендіру жұмысы да сол бағытта жүргізілді. Терминологияны біріздендіру мәселесі термин, терминжасам мен оларды қалыптастыру жұмыстарын үйлестіре жүргізуге, жарыспалылықты болдырмауға байланысты туындайды. Термин шығармашылығы кезінде жарыса қолданылып жүрген баламалардың біріне тоқталып, оны арнаулы ұғымның атауы ретінде терминологиялық лексикада тұрақтандыру үдерісін біріздендіру деп түсінетініміз белгілі. *Біріздендіру* термині 2000 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы ресми бекіткенге дейін кеңестік дәуірде қалыптасқан *унификация* нұсқасында қолданылып келді. Қазақ тілі білім беру мен ғылым саласындағы қызметін атқару мүмкіндігіне ие болып, терминдерді ұлт тілінде жасап, қалыптастыруға бет бұрған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, аталған терминнің формасы ғана емес мағынасы да өзгеріске ұшырағаны байқалады. Термин шығармашылығының отызыншы жылдардан тоқсаныншы жылдарға дейінгі кезеңінде терминдерімізді орыс терминологиясына қарап қалыптастыру дәстүрі орныққан болса, терминологиядағы біріздендіру жұмыстары да сол бағытта жүргізілді. Белгілі бір терминнің шет тілі мен орыс тіліндегі және қазақ тіліндегі нұсқаларының бірін таңдау қажет болған жағдайда, көбінесе, ең алдымен орыс тілінде орныққан нұсқа басымдыққа ие болатын еді. Мұндай таңдау кеңестік тіл саясатына да ұлт тілдерінде терминологияны дамытудың сол кезеңдегі қағидаттарына да сәйкес келетін. Тілімізге қабылдаған кірме терминдердің орыс тіліндегі жазылуына нұқсан келтіріп алмау үшін әліпбиімізге өзгертулер мен толықтырулар енгізгеніміз де ешкімге құпия емес. Отызыншы жылдарға дейін жасалып, қалыптаса бастаған көптеген терминдер, жаңа қолданыстар отызыншы жылдардың бас кезінен бастап, қолданыстан шеттетіліп, олардың орны орыс тіліндегі нұсқасымен алмастырылды. Ұлт тілдерінде терминологияны дамытудың жиырмамыншы ғасырдың 30-жылдарынан бастау алатын келесі кезеңінде бұл терминдердің халықаралық сипатын арттырып, орыс тіліндегі нұсқасын қалдыру қажет деп танылды. Терминдерді біріздендіру жұмысының бағыты да басқа арнаға ойысып, ұлт тілінде жасалған терминдердің арнаулы салалардан орын алу мүмкіндігі барынша шектелді. Нәтижесінде *пленка, колонизатор, патриот, экспертиза, интеллигент, творчество, антитеза, администратор* тәрізді шет тілдерінен қабылданған мыңдаған терминдер мен кірме сөздерге басымдық беріліп, олар тілімізден берік орын тепті. Терминдерді біріздендіру мәселесі терминологияны халықаралықтандыру бағытына сәйкес жүргізілді. Бір ғана ұлт тілінің ауқымында жүргізілетін тілішілік біріздендіру жұмысынан гөрі кеңестік тіл саясатының мүддесіне сай келетін тіларалық біріздендіру ісіне мемлекет

тарапынан айрықша мән берілді.Тіл аралық біріздендіру жұмыстарын жүргізуде КСРО халықтарының ортақ тілі орыс тілін үлгі етіп алу ұсынылды. Мәскеудегі ҒТТК (ғылыми-техникалық терминология комитеті) Одақ көлеміндегі терминологиялық жұмыстарды үйлестіріп отырған басты мемлекеттік орган әрі ғылыми мекеме ретінде кеңес халқына ортақ терминологиялық қордың орыс тілі негізінде қалыптасуына үлкен ықпал етті [Құрманбайұлы, 2014. Б. 593].

Көптеген ғалымдардың пікірінше, терминологияны біріздендіру салалық терминологияны мүмкіндігінше жүйеге барлық қажетті деңгейлерде (мазмұндық, логикалық және лингвистикалық) келтіру жөніндегі күрделі және көп аспектілі жұмыс болып табылады. Терминологияның кез келген түрін біріздендіру сөздің ұтымды ұйымдастырылуы болып табылады деп есептеді, сондай-ақ салалық терминологияны біріздендіру жөніндегі жұмыс мынандай мәселелерді қамтиды: 1) бірыңғай салалық терминологияның жоспарлы құрылысы ретінде қолданыстағы терминологияны әлеуметтік-саяси, өндірістік және лингвистикалық өлшемдер тұрғысынан тексеру; 2) термин стандарты негізінде синонимдерді іріктеу және біріздендіру; 3) терминологиялық атаулардың ерекшеліктері; 4) бар терминдерді және омонимдердің ерекшеліктерін тексеру кезінде ақаулықтар нәтижесінде алынған анықталған олқылықтарды жою есебінен терминологияны толықтыру болып табылады. Терминологияны біріздендіру терминдерді біркелкілікке, бірыңғай формаға немесе жүйеге келтірумен байланысты, ұғымдар жүйесі мен термин жүйесі арасындағы біркелкі сәйкестікті қамтамасыз етуге арналған логикалық, мазмұнды және лингвистикалық үш деңгейде жүзеге асырылады [Даниленко, 1981. С. 9].

Терминологиялық жұмысты сөздік жұмыстың бір түрі ретінде елестету өте қате, оның мақсаты белгілі бір сөздер тобының мағынасын бекіту болып табылады. Шын мәнінде, терминологияны ретке келтіру жұмысы, ең алдымен сыни талдаумен, қажет болған жағдайда ұғымдар мен анықтамаларды қайта қараумен, сондай-ақ оларды жүйелеумен және жіктеумен байланысты. Қазіргі тұжырымдамаларға сәйкес, әрбір салалық терминология кодтық сөздердің еркін жиынтығы емес, әр термин оның тұрақты мүшесі болып табылатын өзара байланысты элементтердің логикалық жүйесі болып табылады. Біздің ойымызша, бұл «жай» терминология мен ғылыми термин жүйесі арасындағы негізгі айырмашылықтардың бірі, ол ғылыми саланы дамытудың құралы болып табылады. Терминологияны ғылыми стандарттау, ғылыми негізделген терминологиялық жүйелерді құру – бұл сала жұмыс істейтін ұғымдарды нақтылаудың қуатты құралы, ғылыми жұмыстың жауапты және қажетті кезеңі.

Ғалым О.П.Коршунов «терминологиялық сәйкессіздік белгілі бір дәрежеде пікірталасты қиындатады» деп дұрыс атап өтті. Ғылыми терминологияның дамуын басқару құралы ретінде мемлекеттік стандарттаудың тиімсіздігі туралы пікірталастарға қатысып, 1971 жылы желтоқсанда өткен ғылым тілі, терминология және информатика мәселелері жөніндегі симпозиум материалдарына сілтеме жасай отырып, Мәскеу мемлекеттік университетінде автор ғылым терминдерін стандарттау мүмкін емес деген пікірде болды, өйткені «ешқандай ғылым өзінің тұжырымдамалық аппараты мен терминологиясын стандартталған нәрсе ретінде қарастыра алмайды». Автордың пікірінше, «ұғымдардың тұрақтылығы мен

диалектикалық қозғалысының сәттерін белгілейтін ғылыми терминология, әдетте, өздігінен қалыптасады. Бұл ғылыми терминологияны мүлдем басқаруға болмайды дегенді білдіре ме? Жоқ, білдірмейді... Мұндай терминология дамудың жоғары деңгейіне жеткен ғылымдарға қолжетімді» [Коршунов, 1973. С.14].

Бүгінгі таңда, біздің ойымызша, терминдік жүйелерді кезең-кезеңімен біріздендіруді қолдануға болады. Бірінші кезеңде терминдерді тілдік жүйелеу мен стандарттауды аяқтайтын, қолданыстағы ең оңтайлы терминдерді таңдаудан тұратын ақпараттық-құжаттамалық саланың сөздігін құру қажет. Мұндай сөздік мамандарға жаңартудың перспективалық жолдарын көрсетуі керек. Ш.Балли «анықтамада қазірдің өзінде жіктелім бар, және керісінше, дайын жіктелім болған кезде, анықтама материалды орналастыру принципін құрудың (немесе түзетудің) таптырмас құралы болып табылады» [Балли, 1961. С. 284], оны келесі кезеңге – терминологияны тұжырымдамалық жүйелеуге көшу деп санауға болады, яғни осы жүйенің компоненттері арасындағы қатынастарды анықтай отырып, вербалданған тұжырымдамалардың кешенді жүйесін құру.

Әсіресе терминологияны салааралық үйлестіру мәселесі өзекті болып отыр. Білімнің барлық салаларын қоспағанда, ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында белгілі бір ғылыми жаңалық немесе өнертабыс нәтижесінде пайда болатын бір термин осы жаңалықтың немесе өнертабыстың сипатына, міндеттері мен мақсатына байланысты әртүрлі мағынаға немесе оның көлеңкесіне ие болады. Сондықтан терминологияны білімнің әртүрлі салаларында бір мәнді мағынада қолдану мүмкіндігі туралы мәселе өте маңызды.

Осылайша, терминологияны біріздендіру мен стандарттау техникалық прогрестің, өнімнің сапасы мен сенімділігін арттырудың, қазіргі заманғы шаруашылықты жоспарлау, есепке алу және басқару практикасына кеңінен және тиімді енгізудің міндетті шарттары болып табылады және халықаралық ғылыми және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді. Сондықтан қоғамның құжаттық-коммуникациялық қызметінің терминологиясын біріздендіру мен стандарттаудың теориялық принциптерін одан әрі зерттеу қазіргі тіл біліміндегі перспективалық бағыт болып табылады.

С.В. Гринев-Гриневиц терминдер аудармасының көп нұсқалылығының негізгі себептерінің арасында мыналарды бөліп көрсетеді: 1) ғылым мен техниканың бірқатар салалары терминологиясының тұрақсыз сипаты; 2) терминологияны ретке келтіру және арнайы сөздіктер жасау жөніндегі жеткіліксіз және жүйесіз жұмыс; 3) терминологияны халықаралық ретке келтіру жөніндегі жұмыстардың жеткіліксіз дамуы. Сондай-ақ ғалым «көптеген шетелдік стандарттарда терминологияны ретке келтірілген деп санауға болмайды – ол терминдердің түсініксіздік және синонимия сияқты кемшіліктерін жоймайды»,– деп атап көрсетті [Гринев-Гриневиц, 2009. С. 189].

Ғылым салалары бойынша термин қалыптастырудың бір жолы – стандарттау мазмұндық және қисындық қана емес, лингвистикалық жағынан да өзіне назар аударуды қажет етеді [Әшімбаева, 2005. Б. 145].

Кез келген терминологиялық жүйенің мағыналық сипаты,яғни белгілі бір ғылымның қазіргі деңгейге сай көрініс беруі мен жүйені құрудағы қисындық

тұтастығына қоса, оны тілдік сипаттау жағынан бағалануы керек. Егер алғашқы екеуі терминологиясы стандартталып отырған салалық ғалымдар құзырында болса, тәртіпке түсірілетін терминдердің лингвистикалық аспектілерін тілшілер қарастырады. Терминологиялық жүйе Мемлекеттік салалық стандарт (әрі қарай – МССТ) болып қалыптасқанша бірнеше талдау сатысынан өтеді. Ондағы мақсат – мазмұндық, қисындық және лингвистикалық сипаттағы кемшіліктерді болдырмау. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Терминологиялық орталығы қызметкерлері көптеген МССТ және Терминкомға ұсынылатын терминдердің лингвистикалық сапасын бағалап, сараптама жасап отырады. Біздің сөз қылып отырғанымыз МССТ-тың өзі емес, олардың әлі де күқықтық күшіне енбеген, жалпы қауымның, оның ішінде тілшілердің жан-жақты талқысына ұсынылатын жобалары.

Терминологиялық стандарттарды құрастырушылар негізінен орыс тілінде дайындалған стандарттарды аударумен ғана шұғылданып отыр. Алайда олардың қазақша нұсқасына тек аударма деп қарамай, нормативтік құжаттама ретінде қазақ тілінің терминологиялық жүйесіне [Концепций Гостерминкома при Кабинете министров РК, 1994], сонымен қатар халықаралық стандарттарға [Канделаки, 1969. С. 20] қойылатын талаптарға сәйкестілігін анықтаудың терминологиясының бір жүйеге түсуіне ықпалы зор.

Жоғарыдағы мәселелерді шешуде алдымен стандартталатын терминдерге қойылатын лингвистикалық критерийлердің ара-жігін ажыратып алу қажет:

1. Стандартталатын терминологияның сөз таптарына катысы;
2. Кірме, диалект және кәсіби жаргон сөздердің стандарттарда термин ретінде алынуы;
3. Терминдердің лексика-семантикалық белгілері (полисемия-моносемия-синонимия);
4. Стандарттардағы терминжасамның тілдегі сөзжасамдық үлгілерге сәйкестілігі;
5. Грамматикалық категориялардың терминологиядағы қолдану ерекшеліктері;
6. Стандарттардағы терминологиялық құрылымдар мен оларды қысқартуға қойылатын талаптар;
7. Терминдердің орфографиясы.

Терминологияны стандарттау мәселелерін қарастыра келе, төмендегідей тұжырым жасауға болады:

1. Терминологияның стандарттауда олардың сөз таптарына қатыстылығын мәселесін өзекті болып табылады, мұнда терминдерді қолданудың түрлі саласын есепке алып қарастырған жөн.

Анықтамалық сипаттағы стандарттарда салалық терминдер негізінен зат есімнен және сөз тіркестерінен тұрады. Алайда ғылымның кейбір салаларында (музыка, спорт) үстеулер немесе етістіктердің терминдену жағдайлары да кездеседі. Сонымен қатар стандартталатын тіркесті терминдер құрамында кездесетін сын есімді, үстеулі терминдерді назардан тыс қалдыруға болмайды. Оларды терминология элементі немесе термин-компонент ретінде қарастырамыз ба, жоқ па, ол маңызды емес. Олар жалпықолданыста кездеспейтін, кездесе де, мағынасы мен

қолданылуы өзгеше, арнаулы мағынасы бар. Сондықтан да стандарттау кезінде оларға зат есімді терминдер сияқты лингвистикалық талаптар қойылуы керек. Мысалы: *гидромеханикаландыру жабдықтары, жер игеру нысандары; жоғарывольттық ауе тораптары, экологиялық шығын; қоршаған орта, бекітілген жоба және т.б.* термин-тіркестердегі сын есім тұйық етістік және есімше формалары терминнің қосалқы құрамдастары ғана емес, ұғымның негізгі белгілерін айқындайтын басыңқы құрамдастары болып табылады. Сондықтан да терминологиялық атауларды стандарттай отыра, біз оның барлық құрамдас бөліктерін де стандарттаймыз, себебі олар да арнаулы сөздерге жатады. Ғылыми мәтіндерде сөз таптары тек заттанған тұлғада ғана қолданбайды, олар етістіктің барлық тұлғаларында түрленіп те қолданылады, мысалы: *бұрғылайды, тұмшаланып төселінеді, жеміріле бастайды және т.б.*

Терминдерді сөздікке түзу бір басқа, оны мәтін ішінде қолданғанда терминдердің тек зат есім тұлғасында тұруы мүмкін емес.

2. Стандарттарда термин ретінде қолданылатын кірме, диалект және кәсіби жаргон сөздер де кездеседі. Грек-латын тілдерінен енген сөздер тілімізде еркін айналысқа түссе, орыс тілінен енген сөздерге сыни көзбен қарап, мейлінше ана тілімізге аудару стандарттарда да үрдіске айналған. Халықаралық терминдерге қарағанда диалект және жаргон сөздер бірден көз тартып тұрады: *құйғы – шұғынақ, жетек – тартпа; «анкер қақпасы», «құйрығын» бөлу, «ыстық»өткел, «салқын» құбыр, «шапалақтау», «өлі» тірек және т.б.* Мұндай терминдер бойынша нақты мәселелерді шешуде салалық мамандар пікірі шешуші рөл атқарады. Алайда терминологиялық жүйеге бір енгеннен кейін олардың диалектілік қасиеттері жойылады, сондықтан да бұл мәселелерде тілшілердің пікірі, кеңесі міндетті.

3. Терминдердің лексика-семантикалық белгілері – стандартталатын терминдерге қойылатын талаптардың өте маңыздысы. Стандарттарда ең көп кездесетін қиыншылықтардың бірі – синонимдерді қолдану, нақтырақ айтсақ, орысша нұсқасындағы кездесетін синоним сөздерге балама іздеу. Мысалы: *жамылғы – төсем; құбыр төсеу – құбыр салу – құбыр орнату – құбыр жайғастыру; зат – бұйым – материал; құрал-жабдық – сайман және т.б.* Синонимдік қатарлар туындауының бір жолы – халықаралық терминдер мен қазақ тіліндегі терминдердің қатарласа қолдануы, мысалы: *дисперстік – майдаланған; унибатор –тежегіш және т.б.* Стандарттар жобаларында синонимдерді қолдануға қатаң тыйым салынады [Қаңделаки, 1969. С. 20]. Алайда оларды мүлдем қолданбау мүмкін емес, терминологияда синонимдердің қатар қолдануының себептері көп. Сондықтан да терминдерді стандарттауда бұл талаптар арнаулы әдебиеттің жанрлары мен мақсаттарын есепке алу керек.

4. Қазақ тіліндегі стандартталатын терминдерді сөзжасамдық үлгіге түсіру – стандарттарға қойылатын негізгі талаптардың бірі. Стандарттардың жобасын салалық мамандар жасайды, сондықтан да терминдерді бірізге түсіру көп қиындық келтіреді. Біз тек бір стандарт аясында кездесетін түрлі сөзжасамдық нұсқаларды сөз етіп отырмыз. Мысалы: *кернеуді есептеу – кернеулік есептеу – кернеу есептеуі; жолдық битум – жол битумы; механикандырылған жұмыс – механикаландыру жұмысы және т.б.* Негізінен жалпы сөзжасамда жол алған жарыспалы сөзжасамдық тұлғалар

терминжасамда да қиыншылықтар тудырады, оның ішінде меншіктік мағына беретін түрік изафеті мен туынды сын есім – зат есім тіркестері. Сөздің бірнеше нұсқада қолданылуы табиғи құбылыс, бірақ сөз терминдерді стандарттау жайында болып отырғандықтан, сөзжасамның түрлі нұсқаларынан біреуін ғана тандап алған тиімді болмақ. Біздің ойымызша, терминжасамға қойылатын басты талаптар: 1) сөзжасамдық үлгілерді ретке келтіру; 2) арнаулы ұғымға сәйкес келетін белгілі бір мағынаны беру үшін сөзтудырушы жұрнақтарды үлгілеу; 3) ұялық терминдер жасауды қалыптастыру. Мысалы: *-ландыру//лендіру* құранды жұрнағы көбінесе халықаралық терминдерге жалғанады: *механика-ландыру, автомат-тандыру, компьютер-лендіру* және т.б. Бұл қиын да күрделі мәселе. Бұл ретте тілшілердің белгілі бір дәрежеде жоспарлы-ұйымдасқан кешенді түрде жұмыс істеуі талап етіледі.

5. Терминологияның әдеби тілден өзгеше өзіндік грамматикалық жүйесі жоқ. Алайда стандарттар жобаларында көркем әдебиет тіліндегідей қайталаудан қашпайды, керісінше бірізге түсіруге көңіл бөлінеді: *керек, қажет, тиіс* сияқты сөздердің тек бір нұсқасы ғана қолданылады. Сөйлем мүшелерінің орны да сақтала бермейді, мысалы: *Қабылдау кезінде газ қоймасының барлық пайдалану ұңғымалары бойынша төменде келтірілген жағдайларда газды шығару және іріктеудің жобаланған көлемін қамтамасыз ететін тиімді тәртіптеме белгіленуі керек:*

- құмды суландыру және шығарудың алдын алған;
- забойда, оқпанда, саға мен етекте гидрат және құм кептеліп қалуына жол бермеген;
- забой сүзгішінің жұмысқа жарамдығын және берілген саға қысымын сақтап отырған.

6. Қысқартулар стандарттар жобаларында әлі күнге дейін бір ізге түсірілмеген. ИСО, ГОСТ, ОСТ, СНИП, ВСН, ТУ аббревиатуралары сол күйінде қолданып келеді. Бұған бір себеп – Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің осы терминдердің қысқартылған нұсқасын аудармау жөнінде шешім қабылдауы. Алайда толық нұсқасы мемлекеттік тілге *Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым, Мемлекеттік салалық стандарт, Құрылыс нормалары мен ережелері* және т.б. болып аударылғаннан кейін қысқартылған нұсқалары да *СХҰ, МССТ, ҚНЕ* т.б. бекітілуі керек деген ойдамыз.

7. Терминдердің орфографиясы да –терминдердің стандарттаудың маңызды мәселесі. Көп құрылымды терминдерді жазу кезінде оларды біріктіру, қосарландыру, тіркестіру мәселелеріне де салалық мамандар көп мән бере бермейді. Орыс тілінен аудару барысында «о» интерфиксімен келетін сөздерді қазақ тіліндегі баламасын жазуда бірізділік жоқ: *асфальт-бетон, физика-механикалық; электрлі-химиялық* терминдері *асфальтобетон, физико-механикалық, электрохимиялық* түрінде қолданылуы жиі кездесетін құбылыс.

Сонымен қорыта айтқанда, тілішілік біріздендіруді де, тіларалық біріздендіру жұмысын да ендігі жерде ескі сарынмен жүргізе беруге болмайды. Тілішілік біріздендіру барысында ұлт тілінің ішкі мүмкіндіктері сөз жүзінде емес, іс жүзінде барынша кәдеге жаратылуы керек. Барлық лексикалық қабаттарды терминологияны қалыптастырудың ішкі көзі ретінде, ал сөзжасам, терминжасам тәсілдерін тіліміздегі

термин жасаудың жолы ретінде кәсіби шеберлікпен пайдалану арқылы ғана ғылыми-техникалық терминдер қорын ұлттық тіл негізінде қалыптастыра аламыз. Ал тіларалық біріздендіру ғылым мен техниканың өркендеуі немесе мемлекеттердің саяси және экономикалық ықпалдылығы сияқты тілден тыс (экстралингвистикалық) факторларға ғана негізделмей, тілдердің туыстығы мен құрылымдық ұқсастығы тәрізді таза тілдік (лингвистикалық) факторларды да ескере отырып жүргізілуі қажет. Стандартталатын терминдерге қойылатын мазмұндық-қисындық талаптармен қатар, тілдік талаптардың да маңызы зор. Терминдерді дұрыс жасау, жалпы әдеби тіл нормаларын сақтау олардың жоғарғы деңгейде болуын қамтамасыз етіп қана қоймайды, сондай-ақ оларды біріздендіруге, стандарттауға да қосатын үлесі мол.

Әдебиет:

1. Әшімбаева Н., Қажығалиева Ж. Стандартталатын терминдерді біріздендіруге қойылатын лингвистикалық талаптар // А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. Алматы, 2005. № 3. ББ. 144–147.
2. Балли Ш. Французская стилистика. М.: Изд-во иностр. лит-ры, 1961. 394 с.
3. Гринев-Гриневиц С.В. Введение в терминографию: Как просто и легко составить словарь: учебное пособие. 3-е изд., доп. М.: Либроком, 2009. 225 с.
4. Даниленко В.П. Лингвистические проблемы упорядочения научно-технической терминологии // Вопросы языкознания. 1981. № 1. С. 9.
5. Каңделаки Т.Л., Самбурова Г.Г. Вопросы моделирования систем значений упорядоченных терминологий // Современные проблемы терминологии в науке и технике. М.: Наука, 1969.
6. Концепции Гостерминкома при Кабинете министров РК от 30 ноября 1994 г.
7. Коршунов О.П. Терминология библиографической науки и пути ее совершенствования // Науч. и техн. б-ки СССР. 1973. № 9. С. 11–20.
8. Крыжановская А.В. Сопоставительное исследование терминологии современных русского и украинского языков. Проблемы унификации и интеграции. Киев: Наукова думка, 1985. 204 с.
9. Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы. 1993. 42 б.
10. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: Сардар, 2014. 952 бет.